

УДК 82:81–26

**АҚЫН ЖҰМЕКЕН НӘЖІМЕДЕНОВ ПОЭЗИЯСЫ ТІЛІНДЕГІ
ТЕҢЕУДІҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ**

Есіркепова К.Қ.,
филология ғылымдарының
кандидаты, доцент, ҚМПИ
Қанапина С.Ғ.,
филология ғылымдарының
кандидаты, доцент, ҚМПИ
Урустемова Ф.Д.,
3 курс студенті, ҚМПИ
Қостанай қ., Қазақстан

Аннотация

Ғылыми мақала поэтикалық мәтін тіліндегі теңеудің қолданыс ерекшелігін анықтайды. Мақалада ақын Жұмекен Нәжімеденовтің өлендеріндегі теңеу қолданысы анықталады. Теңеудің зерттелу жайына да шолу жасалған.

Аннотация

В статье рассматриваются стилистические особенности сравнения в поэзии Ж. Нәжімеденова, а также раскрываются особенности значения слов-сравнений и виды сравнений в казахском языке.

Abstract

In article stilistical features of comparison in Zh.Nazhmedinov's poetry are considered. Also features of value of slovar-comparisons and types of comparisons in the Kazakh language reveal.

Түйінді сөздер: ой, қара, ақ, теңеу, ақын тілі, стильдік қызмет.

Ключевые слова: мысль, языковые особенности, стиль поэта, образность.

Key words: thought, language features, style of the poet, figurativeness.

1. Кіріспе.

Тұңғыық тереңдігімен тартып әкететін Жұмекен Нәжімеденов жырлары қазақ поэзиясының бір кәусары. Өйткені ол сөздің сөлін сыға, мүмкіндігін, сарқа пайдаланған ақын. Поэзия биігінде өзіне лайық ер шыңы бар мол дарын иесіне деген халық құрметі ешқашан бәсең тартпақ емес.

Асқақ тұлғалы Жұмекен Нәжімеденов қазақ әдебиетінде өзіндік қомақты орны бар, поэзияға жаңаша өрнектер мен айшықтар енгізген, өлең логикасына өзінше қараған, қазақ поэзиясының мазмұнына да, пішініне де жаңалықты батпандап енгізген, өз шығармашылығымен қазақ әдебиетін бір сатыға көтерген ақын.

2. Талқылау.

Белгілі бір халықтың көркем әдебиеті басқа халықтардың әдебиетінен, ең алдымен, өзінің образдар жүйесімен, сөз бейнелеу тәсілдерімен ерекшеленеді. Әдебиеттегі образдар жүйесі және сөз бейнелеу тәсілдері – ұлттық характердің ең басты көрсеткіштері. Бұларсыз ешбір ұлт әдебиеті өмір сүре алмайды. Көркем әдебиет үшін, әсіресе, ұлттық тілдің маңызы зор.

Түрдің өзінің көріну тәсілдері, жүзеге асу жолдары, өмір сүру заңдылықтары болады. Сол түрдің көріну тәсілдерінің бірі – теңеу категориясы. Теңеу категориясы – бүкіл бейнелеу, көркемдеу тәсілдерінің ішіндегі ең бастысы, ең пәрмендісі. Бейнелеу тәсілдерінің барлығы да бастауын осы теңеуден алады (Қоңыров Т., 1978., 3 б.).

Әдеби тілге үстеме мағына беріп, оның көркіне көрік қосатын, сол арқылы әдеби шығарманың мазмұнын құнарландырып, пішінін ажарландыратын көркемдеу құралдарының бірі- *теңеу* (орысша **сравнения**). *Мұнда суреткер заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей- ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттейді.* Сонда бұлар туралы оқырман түсінігі айқындалу үстіне тереңдейді де, өнер туындысының эстетикалық әсері күшейе түседі.

Теңеуді шығу тегінен бастап стилистикалық қызметіне дейін зерттеу жүргізген орыс ғалымдары А.Г. Рубайло, А.Н. Веселовский, Б.В. Томашевский т.б. еңбектерінің ғылыми маңыздылығы зор.

Қазақ тіл білімінде теңеу жан – жақты зерттелген. Қазақ тіл білімінің тұңғыш зерттеушісі А. Байтұрсынов «Теңеу заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей – ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттейді» деп көрсетеді.

М. Серғалиев «теңеудің стильдік қызметі әр алуан, бір ыңғайда, негізінен аз сөзге көп мағына сыйғызуды мақсат етсе, тағы бір жағдайда автордың астарлап сөйлеуіне мүмкіндік береді. Сол астарлап сөйлеудің өзі жинақылықтың арқасында болып отырады» деп, теңеудің көркем әдебиет тілінде алатын орнын айқындайды.

Қазақ тіл білімінде теңеуге толық талдау жасаған ғалым – Т. Қоңыров. «Қазақ теңеулері» атты ғылыми монографиясында теңеудің бүкіл лингвистикалық болмысын: жасалу жолдары мен синтаксистік құрылымын, түрлерін жан – жақты қарастыра отырып, теңеуге мынадай анықтама береді: «Теңеу дегеніміз – ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды – экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы» (Қоңыров Т., 1978, 8 б.).

Қазақ теңеулерінің грамматикалық табиғаты жөнінде пікірлер (зерттеулер) жоқтың қасы. Дегенмен, кейбір оқулықтар мен монографиялық зерттеулерде белгілі бір ақын – жазушының шығармаларындағы теңеулер және олардың жасалу тәсілі жөнінде айтқан бірлі – жарым пікірлер жоқ емес.

Ғалым Қ. Жұмалиевтің пікірі бойынша, қазақ теңеулерінің жасалуының үш түрлі тәсілі бар: бірінші, -дай, -дей, -тай, -тей, -дайын, -дейін, -тайын, -тейін жұрнақтары арқылы, екінші, -ша, -ше жұрнағының көмегімен, үшінші – секілді, сияқты, тәрізді сөздері. Қ.Жұмалиевтің бұл пікірі дұрыс болғанымен, теңеудің жасалу тәсілдерін түгел қамти алмайды. Қол-

да бар қыруар материалды сұрыптай келгенде, қазақ тіліндегі теңеулердің жасалуының төмендегідей жолдары бар екені анықталды:

1. **-дай, -дей, -тай, -тей, -дайын, -дейін, -тайын, -тейін** жұрнақтарының көмегімен;
2. **-ша, -ше** жұрнағының көмегімен.
3. **Шығыс септігі жалғауының (-нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен)** көмегімен.
4. **Секілді, сияқты, тәрізді, іспетті** сөздерінің көмегімен.
5. **Бейне** сөзінің көмегімен.
6. **Тең** сөзінің көмегімен.
7. **Ұқсас** сөзінің көмегімен.
8. **Параллелизм тәсілі** көмегімен
9. Аралас тәсілдің (**бейне және -дай, -дей; бейне және секілді**) көмегімен.

Қосалқы тәсілдер көмегімен (Қоңыров Т., 1978, 10–11 б.).

Теңеудің синтаксистік құрылымы:

1. Жалаң теңеулер.
2. Күрделі теңеулер.
3. Толымды теңеулер.
4. Толымсыз теңеулер.
5. Бірыңғай теңеулер.
6. Болымсыз теңеулер.

Жалаң теңеулер – тек теңеу құрушы мүшелердің қосындысынан ғана тұрып, белгілі бір заттың, яки құбылыстың жалаң суретін жасайды. Мұнда күрделі ой жоқ, соған орай бұл теңеуде күрделі образ да болмайды.

Күрделі теңеулер – өзінің құрылысы жағынан күрделі, жалаң теңеуге қарама – қарсы құбылыс. Мұнда не образ (көбінесе образ), не зат немесе екеуі де өздеріне бүтіндей күрделі ұғымды негіз етіп алады да, соның нәтижесінде күрделі ойға негізделген, шытырман суретке құрылған, эмоциялық – экспрессивтік әсері күшті теңеулік образдар жасалады.

Бірыңғай теңеулер – бір сөйлемнің, бір күрделі ойдың құрамында бірнеше теңеулердің қатар келіп, бір сөйлем мүшесінің қызметін атқаруы.

Толымды теңеулер – теңеулік конструкцияның үш элементі (зат, образ, белгі) түгелдей болуы қажет. Бұл ұғымды алғаш енгізген Б.В. Томашевский.

Толымсыз теңеулер – толымды теңеулерге қарама – қарсы құбылыс. Мұның атынан да көрініп тұрғандай, толымсыз теңеуде бір мүше айтылмайды.

Болымсыз теңеу – бір затты екінші затқа теңегенде болымсыз ғана мағына шығарады (Қоңыров Т., 1978, 22–35 б.).

Мысалы:

1. Күн көзімен жалт етті де, құшты кеп,

Алатаудай кәрі шалды әлгі қыз. («Баурай бұлтты жаңа кешті баяулап», 9 б.).

Алатау – басын мұнар шалған, төбесінен ақ қар кетпеген, қысы-жазы ақ қар құрсауында қалып, аппақ болып мен мұндалайды. Алатаудың басын ақ қар басса, кәрі шалдың басын ақ шалады. Ақын кәрі шалды Алатауға теңеу арқылы, ол қарттың ұлылығын, даналығын ашып көрсетеді

2. **Сырындай мына даланың** ашылып келем, ашылып келем. («Шомылып мөлдір өзенге, 5 б.).

Дала – меңіреу әлем. Бар әлемге жар сала айқайласаң да жауап қатпайды. Сондықтан да меңіреу дала тіршілігінің сыры бірден ашыла салмайды. Ақынның ішкі әлемі де осы дала тәрізді. Бар қызығын шаша салмай, ішкі жан сыры меңіреу дала тәрізді біртіндеп ашылуға.

3. **Жас өмір гүлдей көктеді,**

Бұлбұлдай сайрап үш өлең. («Сол бір кеш тілге келгенде», 20 б.).

Көктеген гүлдің сән-салтанаты көз тартып, жұпар исі мұрын жарады. Адамның жастық кезеңі де дәл сол гүлдей...Жас өмірдің көңілді кездері, қызығы мол.

4. Саусағымнандағы өшпесе сияның

Күн нұрындай қуатта бар қиялым. («Менің үйім», 35 б.).

Бұл жерде ақын ақындық өнерден күш-қуаталатындығын, өмірлік серігі де осы өлең екенін аңғартады. Дүниедегі бар тіршілік атаулы күн нұрысыз өмір сүре алмайтындай, ақын да отты өлеңін өмірінің мәніне балайды.

5. **Ақша бұлттай** үлпілдейді тамағы,

аузын ашса-отырасың ән күтіп. («Күлімдеудің жоқ секілді керегі», 42 б.).

Ақша бұлт тарақ мақта тәрізді. Үлпілдек, адамды қиял әлеміне жетелейді. Ақша бұлттар жұп-жұмсақ көрінеді көзге... Ақын әнші тамағын ақша бұлтқа балайды. Әнші аузынан шығатын ән де дәл сол ақша бұлттай ақ, жұмсақ.

6. Ақтарыла қап кейде қақырап кеп, сындық кейде **шөлмектей** шатынап кеп. («Жақсы десе-жылыныпжүрек жібіп», 52 б.).

Ақын өмірінде кез болған қиыншылықтардан өту кезінде әр жағдайға тап болдық, әр түрлі күйге түстік деп айтады. Шөлмек шытынап тарс сынатын болса, ақын өмірінің бір сәтінде осы шөлмектей шытынап, тарс сынды. Үміті ақталмады, көңілі қалды.

7. **Ай сықылды** бірақиқат, біршындық.

Батып кетіп, батып кетіп шығып жүр. («Саған айтпай кімге айтам мұңымды», 56 б.).

Ақиқатты жалғаннан айыру, ақиқаттың ақиқаттығын дәлелдеу қашан да қиын. Бір кезде ақиқат өтірік құрсауында қалса, енді бірде қалқып шығып жүр. Ай туады да батады. Шындық та дәл солай... Шындық бірде ақиқат, бірде жалған.

8. Сендерсіндер шағынарым үлкенім,

Момыш жалын, **жалынындай білтенің**. («Кітапханада», 73 б.).

Білте – ол шамның орта тұсында орналасып, жарық беріп тұрады. Ақын жастарды білтеге балап, үміт күтеді. Жарық шашатын сендер барда болашақтың нұрлы боларына сенемін деп айтады.

9. **Тоқымдай** ғана көлеңкем.

Төсінде жатсын, қарайын.

Тоқымдай ғана тенеуін ақын кішірейту мағынасында қолданған. – ғана шектік мағынадағы шылауы қолданылған. Тоқым – шағын ат абзелі. Ол ер тоқымға қарағанда көлемі кіші. Кішкене көлеңкем төсінде жатсын деп айтады.

10. Таба алмай жүрген талайдан.

Тарыдай ғана тамшым бар... («Даңқтың, даудың, дақпырттың», 78 б.).

Тары көлемі кішкентай дәнек. Жерге түсірсе, қайтып тауып алу өте қиын. Ақынның талайдан іздеп жүрген тамшысы да осы тары секілді. Кішкентай дәнек болса да, ақынға қымбат.

11. Шындық деген **көк аспандай** тым биік.

Мұхит сынды әрі терең тұңғыық. («Біз өзіміз», 82 б.).

Шындыққа жеткендер де бар, жетпей жалған сөздің құрсауында қалғандар қаншама... Аспан тым биікте болғандай, шындыққа жету жолы да дәл сондай алыс... қол жетпейтіндей қашық...жолы қиын.

12. Ақ бұлт құсап жел біресе сонда әлгі,

Жүрек аунап, **жауар бұлттай** толғанды. («Ақ түс», 91 б.).

Күн жауарда қара бұлт үйіріліп, жердің астан-кестені шығатындай, беймаза сәтте жүрек толғанысы да дәл сондай. Ала сұрып, дүрсілдей соғып, адамның ішкі әлемі түсініксіз күй кешеді.

13. Мағына бар әрбасқа.

Кемпірқосақ секілді сан құбылған, әрбасқан. («Махаббат пен қаратас», 103 б.).

Кемпірқосақ алыстан қарасаң, сан түрлі түсі анық аңғарылмай көз алдайды. Ақ болып көрінген түсі көк, ал көк деп ойлағанымыз қызыл болуы әбден мүмкін. Сөз мағынасы да дәл сол кемпірқосақ тәрізді. Орынды жұмсасан, орынды ұғынбасан опық жейсің.

14. Мәз болсам да қиялдағы елеске.

Жас баладай көкке қарап қуанып. («Мәз болсам да қиялдағы елеске», 24 б.).

Сәби көңілі пәк, еш дақсыз болады. Не болса соған сеніп, жамандық атаулыдан бейхабар, алаңсыз тіршілік кешеді. Қиялдағы елеске алданған ақын көңілі де жас сәбидей кіршіксіз.

15. Ал, егерде кеудем толы күл болса, сол **күлдей** ғып өшіріңдер мені де. (29 б.).

Күл – ол сөнген оттың бықсып қалған қалдығы болғандықтан, ол қайта жануға қауқарсыз. Тек керексіз зат күйінде тозаңға айналады. Сондықтан ақын кеудемді жансыз дүниеге баласандар, мені де өмірден қол үздіріңдер дейді.

16. Сол **моншақтай** мөлдіреп.

Сол **тамшыдай** дір қағып

Мен қараймын елжіреп,

Сен қарайсын ұрланып. («Көк балауса егілер», 10 б.).

17. Ірмелесің төбемде.

Керуендей жүгі ауған. («Ұшқыр болсаң қара бұлт» 12 бет)

18. **Бала гүлдей құлшынайын,**

Құлшынайын, біршығайын. («Тау баурайында», 13 б.).

19. Келгенде мезгіл тағы алдай.

Сарандық берген тағамдай. («Бұйығып өтпек күндерге», 25 б.).

20. **Найзағай секілді от өрген.**

Денемді шарлайды қызылқан. («Жүрек», 28 б.).

21. **Екі бүйірім- егіз қынап секілді,**

Төрт жүзі бар екі қанжар мендегі. («Екі бүйірім- егіз қынап секілді», 33 б.).

22. Зал ортайып барады-**тесік қазан секілді.**

Жыр ортайып барады-**несіп-тағам секілді.** («Зал ортайып барады», 45 б.).

23. Тәтті сөзден- ақыл, ой ауырады,

Тәтті жеген сәбидің **тісіндей** боп. («Тым ащы айтсам кейіме», 49 б.).

24. Жігіт атын тұтқанмен көрпе қылып, асы біткен **аяқтай** төңкеріліп,
қызартыпты бет жүзді **баяудай** ғып,

нені мықтап жасырсақ сол көрініп. («Жақсы десе- жылынып жүрек жібіп», 52 б.).

25. Жарылсын ол бір тамшы **жастай ыршып,**

Сүйтіп бәрін өзімнен бастайыншы! («Төкші, төкші, домбырақоңырүнді», 64 б.).

3. Қорытынды.

Жасөспірімдердің өмірге көзқарастарын қалыптастыруға, адамгершілік, патриоттық сезімін күшейтуге жол ашатын Жүмекен сынды ақын-жазушылардың өлмес, өшпес туындыларын әр жас оқырманның жүрегіне жеткізу кітапханашылардың абыройлы міндеті, бүгінгі күннің басты талабы. Қазақ ақыны Әбділда Тәжібаевтың сөзімен өрнектер болсақ, «Жүмекен поэзиясы-біздің ұлттық мақтанышымыз, біздің енді ашылар алтын сандықтарымыздың бірі. Ешкімге ұқсамайтын ақынның әрбір шумағы тың қазыналар. Мен поэзияны жақсы түсінетін талантты жас сыншыларды осы алтын сандықтағы асыл байлықтарды ашуға шақырамын».

Әдебиет тізімі

Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «TST- company», 2006.

Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1978. – 192 б.

Нәжімеденов Ж. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2010. – 288 б.